ПИКАССОНЫҢ ЕҢ ТАНЫМАЛ СУРЕТТЕРІ



**Па́бло Дие́го Хосе́ Франси́ско де Па́ула Хуа́н Непомусе́но Мари́я де лос Ремéдиос Сиприа́но де ла Санти́сима Тринида́д Ма́ртир Патри́сио Руи́с и Пика́ссо**

*Испан суретшісі, мүсінші, график, театралды декоратор, керамист және дизайнер.*



*Жәй ғана Пикассо 25.10.1881 Малага Испанияда дүниеге келіп, 8.04.1973 Мужен Францияда қайтыс болған.*







8 жасында Пабло өзінің алғашқы «Пикадор» жұмысын жазды. 16 лет Пикассо елді мазақтағандай сан-Фернандодағы Корольдік академияға түсті де, оны ізе шала тастап кетті. 19 жасында Парижді бағындыруға бел буды да, кетер алдында автопортрет салды, ал оның жоғарғы жағына қара бояумен «Мен Корольмін!» деп қол қойды.



Бірақ корольге Францияда оңай болмады. Ақша жоқ. Бір қатты қыста қатты тоңған Пикассо өзінің Жұмыстарымен камин жаққан екен. Бірақ та Пикассоны әйелдер өте қатты жақсы көрді. Суретші былай дейтін: “Мен үшін екі әйелдің типі бар – бірі періште, ал екіншісі аяқ сүртетін шүберек”.

Бір өкініштісі Пикассо өзінің періштелерін бір пәсте құр шүберекке айналдыра салатын.



Пабло Пикассо (23 жаста) және Фернанда Оливье (18 жаста) Монмартрде иттерімен бірге. 1904 ж.

Пикассоның алғашқы сүйіктісі Фернандамен Париждегі Монмартр деген кедей кварталда Танысқан болатын. Ол жас суретшілер тұратын Жатақанаға келетін, суретшілерге позиция жасайтын.

Осылайша ол әрі модель, әрі Пикассоның бойжеткені болды.

Өте қатты кедейшілікте өмір сүрді. Таңертеңнен Круасан мен сүт ұрлайтын.

Кейіннен Пикассоның суреттері сатыла бастады.

Олар ондаған жылдар бойы бірге тұрды.



Фернанда 1907 жылы салынған “Авиньондық қыздар”
атты Пикассоның Басты суретіне негіз болған.





1917 жылы суретші нағыз махаббатты бастан кешірді. Себебі ол балерина Сергей Дягилева Ольга Хохловамен танысты.
Ольга Шатл театрындағы “Парад” балетінде
Билеген болатын. Ал Пикассо театр Костьюмдері мен сахна декорациясына Жауапты болатын. Суретші Ольганы отбасымен таныстырды, орыс қызы  оның анасына мүлдем ұнамады. Ештеңеге қарамастан Жастар 1918 жылдың  18 маусымда үйленіп, 3 жылдай бақытты ғұмыр кешті.

1921 жылы 4 ақпанда Ольга Пауло (Поль) есімді Ұл тапты.
Осы сәттен бастап олардың арасы суый Бастады.
Ольга Пикассоны табысты әрі танымал етіп көргісі келді және
ақшаға тоймады. Мұндай жағдай суретшіні жалықтырып жіберді.
Пикассо зұлымдық шашқан, өткір тістерімен қорқытып тұрған
кәрі кемпірді суреттеді. 1927 жылы 46 жасында Пикассо
Ольгадан 17 жасар Мария-Тереза Вальтерге  қашып кетті.



Пикассо әйелі Ольганы соңғы
Кездері дәл осындай етіп көрген болатын.

*Мария-Терезаның жүкті екенін естіген Ольга 1935 жылы Паулоны алып Францияның оңтүстігіне қоныс аударып, ажырасуға шағым Тастады. Француз заңы бойынша Пикассо мүлікті Екіге бөле алмады, сондықтанда Ольга оның өмірінің соңына дейін заңды әйелі боп қалды. Ольга Каннда 1955 жылы обадан қайтыс болды. Пикассо оның жаназасына бармады, тек Өзінің жеңілденіп қалғанын сезінді.*

Мария-Терезаға ғашық болған сәттерінде Пикассо жан-тәнімен шығармашылыққа ден қойды. Оның мұндай көтеріңкі көңіл-күйі оның суреттерінен көрніс тапты. Бұл сәт қызының өмірге келгеніне дейін ғана жалғасты. Бұл Пикассо шығармашылығының шыңы десе артық айтқан емес.



“Қызыл орындықтағы әйел” 1939 ж.





“Жылап тұрған әйел” 1937 ж. Бұл картина аукционда 37 миллион франкқа сатылған болатын.

Қызының өмірге келуі Пикассоны
Мария-Терезадан алыстатып,
29 жасар суретші
Дора Маармен жақындатты.
Бір күні Пикассоның
студиясында Мариямен
Дора кездесіп қалып бір-бірімен
шаш жұлысып Ұстасып қалады.
Ақыр соңында Мария асылып
Өледі, ал Дора Пикассоның
тастап кеткеніне Шыдай алмай
психиатриялық емханаға түседі.
Мұндай жайттан соң Дора өз-өзіне бұйығып,
Мистицизм мен астрологияға кіріп кетеді. 1997 жылы шілдеде
90 жасқа келіп бақытсыз әрі кедей боп өмірден өтеді.



Франсуаза Жило, Валлорис, 1949 ж.

Пикассо сынды серінің тағдырында
оның сағын сындыратын мықты әйел 1943 жылы кездесті. Ол онымен мейрамханада танысып, бірден ыстық ванна қабылдауға шақырады. Бұл кезде ыстық су Парижде аса қат болатын, ал Пикассо мұндай кереметі бар санаулы адамдардың бірі еді. Бұл мықты әйелдің есімі Франсуаза болатын. Ол Пикассоға екі бала сыйлады. Пикассоның махаббаты суғанын сезген Франсуаза "Менің Пикассомен өткен өмірім" атты әлемге танымал кітап жазды.



*Пикассоның соңғы екі онжылдығында*
*Онымен бірге Жаклин Рок болды. Оның Адалдығы, ғашықтығы мен қамқорлығы*
*Суретшіні тәнті етті. 20 жылдай уақыт бойы Жаклин жалғыз модель болды, ал Пикассо Жаклинге арнап 400 дей сурет салды.*

Пикассоның балалары



Гүл ұстаған Жаклин, 1954 ж.










Пикассо бағыттары: Сюрреализм, Кубизм, Қызғылт кезең т.б.